

Г.А. Матайбаева¹
С.М. Токенова²
С.Б. Макыш³

^{1,2}«С. Сейфуллин атындағы Қазақ агротехникалық университеті» КеАҚ,
Нұр-Сұлтан, Қазақстан

³Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті, Нұр-Сұлтан, Қазақстан
(E-mail: mataibaevagauhar@mail.ru, sandi_77@inbox.ru, makysh.sb@yandex.kz)

Қазақстан Республикасында агроөнеркәсіп кешенінде қаржылық құралдарды пайдаланудың тиімділігі

Аннотация. Мақалада ауыл шаруашылық саласын дамыту мәселелері мен оны «Қазақстан Республикасының агроөнеркәсіптік кешенін дамытудың 2017-2021 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасы» аясында шешу жолдары қарастырылған. АӨК дамуының қазіргі жағдайы қарастырылып, ауыл шаруашылығының негізгі салаларына талдау жүргізілді.

Қазақстанда көптеген бағдарламалар әрекет етеді, алайда оларды жүзеге асыру сапасы, жоспарланған индикаторларға қол жеткізу үнемі тиісті мониторингтің және іске асыруды бағалаудың жоқтығынан, нақты индикаторлардың жоқтығынан, жауапты орындаушылардың жауапкершілігінің төмендігінен көптеген проблемаларға тап болады.

Мақалада келесілер анықталды: Қазақстанның агроөнеркәсіптік кешенінде қолданылатын қаржы құралдары әртүрлі меншік нысанындағы ұйымдарға тең қол жеткізуге мүмкіндік бермейді, себебі өсімдік шаруашылығында жұмыс істейтін ірі тұлғалардың мүдделерін ғана қолдайды, бұл өз кезегінде азық-түлік қауіпсіздігін арттыруға және өнімнің импортын алмастыруға мүмкіндік бермейді.

АӨК қаржыландыру қаражаттарына жасалған талдау жүргізіліп отырған мемлекеттік саясаттың тиімділігін арттыру жөніндегі ұсынымдарды әзірлеуде тәуелсіз объективті баға береді.

Түйін сөздер: агроөнеркәсіптік кешен, ауыл шаруашылығы, өсімдік шаруашылығы, мал шаруашылығы, субсидиялау, мемлекеттік қолдау.

DOI: <https://doi.org/10.32523/2789-4320-2022-1-147-155>

Кіріспе

Тәуелсіздік алған сәттен бастап соңғы 20 жыл ішінде Қазақстан экономикасы жан басына шаққанда 11 000\$ табыспен 135 млрд.\$ жетті. Халықтың бір пайызынан азы 2,5 долларға өмір сүрді. Алайда, мұның бәрі 2015 жылы мұнай бағасының күрт төмендеуі нәтижесінде сұрақ туындатты. Бұл Қазақстанның даму

моделіне әсер етпеуі мүмкін емес еді. Қазіргі таңда азық-түлік қауіпсіздігі, өнімділікті арттыру, ауыл шаруашылығы өнімдерін қайта өңдеу арқылы халықты жұмыспен қамту және жаңа тұрақты жұмыс орындарын құру мақсатында агроөнеркәсіптік кешенді (бұдан әрі АӨК) дамыту туралы мәселе күн тәртібінде тұрақты тұрғаны анық. Ауыл шаруашылығы өнімдерін өндірушілерді дамытудағы кезде-

сетін негізгі проблемаларының бірі қаржы құралдарына қолжетімділігі болып табылады.

Бұл жұмыста АӨК саласын субсидиялау мәселесі, оның әртүрлі меншік нысанындағы ұйымдарға қалай әсер еткені және қазіргі заманғы контекстке сәйкестігі қаралды.

Зерттеу тақырыбы қазіргі таңда өзекті болып табылады, себебі COVID-19 коронавирустық инфекциясының жаһандық пандемиясына байланысты соңғы оқиғаларды ескере отырып, азық-түлік қауіпсіздігі, сондай-ақ ауыл шаруашылығын дамыту басты мәселелердің біріне айналғанын көрсетті.

Қазіргі таңда көптеген елдер ауыл шаруашылығын дамыту стратегиясын ішкі нарықты толықтыруға және импорт алмастыруға баса назар аудара отырып қайта қарастыруда. Өйткені, карантиндік шаралардың алғашқы күндерінде әртүрлі елдерде азық-түлік тауарларына сұраныстың артуы байқалды, ал азық-түлік тауарларының кедергісіз қозғалысына шектеу қойылды.

Ауыл шаруашылығы ел экономикасының дамуының негізгі буындарының бірі болып табылады. Елдің азық-түлік қауіпсіздігін қамтамасыз етудегі ауыл шаруашылығының маңыздылығын ескере отырып, соңғы жылдары көрсетілетін мемлекеттік қолдаудың көлемі мен бағыттары айтарлықтай өсті.

Зерттеу әдістері

Зерттеудің негізі болып экономиканың түрлі салаларындағы, соның ішінде аграрлық сектордағы инвестициялық қызметтің заңдылықтары мен ерекшеліктерін ашатын Қазақстан және басқа да жақын және алыс шетел ғалымдарының еңбектері табылады.

Зерттеу барысында ғылыми-практикалық конференциялардың материалдары, Қазақстан Республикасының заңнамалық және нормативтік актілері, интернет-ресурстар пайдаланылды. Зерттеу топтау, салыстыру, жалпылау әдістеріне, жүйелік талдау әдістеріне негізделген. Зерттеудің анықтамалық базасы ретінде Қазақстан Республикасының Стратегиялық жоспарлау және реформалар

жөніндегі агенттігі Ұлттық статистика бюросының, ҚР Ауыл шаруашылығы министрлігінің, ҚР Ұлттық экономика министрлігінің статистикалық жинақтары, материалдары мен жылнамалары, нормативтік - анықтамалық материалдар және ғылыми - зерттеу мекемелерінің әзірлемелері пайдаланылды.


Талқылау

Аграрлық нарықтың конъюктурасы үнемі дамуда болатын және тым тұрақсыз болып табылатын Қазақстан Республикасы үшін агроөнеркәсіптік кешені жүйелі түрде зерттеліп отыруы тиіс, яғни аграрлық сала белгілі бір әлеуетке ие бола отырып, еліміздің басқа да экономикалық салалардан қалыс қалмауы тиіс. Бұл өз кезегінде мемлекеттің басқару жүйесіне елдің экономикалық және азық-түлік қауіпсіздігін үнемі арттыру үшін өз әрекеттерін алдын-ала түзетуге мүмкіндік береді. Бүгінде экономиканың аграрлық секторы мемлекеттің қолдауынсыз инновациялық негізде кең түрде өсе алмайды.

Ауданы бойынша әлемде тоғызыншы орын алатын, ел аумағының шамамен 74% - ы ауыл шаруашылығына жарамды. Жан басына шаққандағы егістік жер көлемі бойынша Қазақстан әлемде екінші орынға ие. Тұрғындардың 42% - ға жуығы ауылдық жерлерде тұрады. Жұмыспен қамтылғандар бойынша саудадан кейінгі екінші орынды алып отырған бұл ауыл шаруашылық саласында шамамен 1,5 млн. адам жұмыс істейді

Бұл ретте ауыл шаруашылығының ЖІӨ-дегі үлесі азайып, 4,5% деңгейінде тұрақтанды, дегенмен 1990 жылы оған елдегі жалпы өнімнің 34%-ы келді. Ауыл шаруашылығындағы жалақы экономика бойынша ең төменгі деңгейде. Қазақстан егіншілік тәуекелді аймағында орналасқан және бұл ретте ауыл шаруашылығын жүргізудің ескірген әдістерін пайдаланады, өндірістің жоғары құбылмалылығы байқалады [1].

2020 жылы Қазақстан азық-түлік қауіпсіздігі бойынша (The Global Food Security Index) индексі 67,3 құрады, 113 елдің ішінде 48 орынды иеленді. Бірінші үштікке кірген елдер қа-



Дерек көзі: ҚР ауыл шаруашылығы министрлігінің статистикалық мәліметтері.

Сурет 1 - ҚР ауыл шаруашылығын субсидиялауға бөлінген қаржылар (млн. теңге)

тарына Сингапур, Ирландия және Ұлыбритания кірді [2].

Агроөнеркәсіптік кешенінің тұрақты және орнықты дамытудағы маңызды компоненті ретінде қаржы ресурстарына қолжетімділікті атауға болады. Қазіргі таңда әртүрлі нысандағы жеңілдетілген қаржыландыруға аграрлық өндірістегі барлық субъектілер мұқтаж. Салалардағы ауыл шаруашылық өнімдерін өндірушілерді дамытудағы негізгі мәселердің бірі қаржы құралдарына қол жеткізу болып табылады. Аталған мәселені өндірушілердің өздері де, сарапшылар және халықаралық институттар да растап отыр. Ауыл шаруашылық өнімдерін өндірушілерді және қайта өндірушілерді қолдаудағы маңызды ынталан-

дырушы фактілердің бірі ретінде қаржы қаражаттарын субсидия түрінде құю қала береді.

Орташа алғанда, Қазақстандағы субсидиялар ауыл шаруашылығының жалпы өнімінің 4-5%- нан аспайды, бұл ДСҰ-ның рұқсат етілген деңгейінен айтарлықтай төмен. Сондай-ақ, біз ЕАЭО бойынша әріптес елдерге жол береміз. 2015 жылы «сары себет» деп аталатын субсидиялар көлемі Беларусь Республикасында - 1,5 млрд.\$, Ресейде-3,3 млрд.\$ Қазақстан Республикасында ауыл шаруашылығын субсидиялау қаражатының көлемін қарастырайық (Сурет 1).

Елімізде, 2020 жылы АӨК дамытудың мемлекеттік бағдарламасының тұжырымдамасын жаңғырту көзделген, сондай-ақ елімізде

Кесте 1

Ауыл шаруашылығындағы жалпы өнімі, млрд. теңге

жылдар	Жалпы өнім	Оның ішінде:					
		Өсімдік шаруашылығының жалпы өнімі		Мал шаруашылығының жалпы өнімі		Ауыл шаруашылығында көрсетілетін қызметтер	
		млрд. теңге	үлес салмағы, %	млрд. теңге	үлес салмағы, %	млрд. теңге	үлес салмағы, %
2015	3307,01	1825,24	55,2	1469,92	44,4	11,85	0,4
2016	3684,39	2047,58	55,6	1621,54	44,0	15,27	0,4
2017	4070,92	2249,17	55,2	1810,91	44,5	10,84	0,3
2018	4474,09	2411,49	53,9	2050,46	45,8	12,15	0,3
2019	5151,16	2817,66	54,7	2319,49	45,0	14,01	0,3
2020	6334,66	3687,31	58,2	2637,46	41,6	9,89	0,2

Дерек көзі: ҚР Ұлттық статистикалық бюросының ресми сайты, <http://stat.gov.kz>

Кесте 2

Өсімдік шаруашылығы саласының негізгі көрсеткіштері (дәнді дақылдар)

Көрсеткіштер	2015 ж	2016 ж	2017 ж	2018 ж	2019 ж	2020 ж	Өсу қарқыны, % (2020-2015)
Егіс алаңы, мың га	14 982,2	15 403,5	15 405,4	15 150,0	15 396,6	15 878,4	105,9
Өнімділік 1 ц/га	12,7	13,5	13,4	13,5	12,3	12,8	100,7
Жалпы алым, млн. тонна	190,2	207,9	206,4	204,3	189,1	203,2	106,8

Дерек көзі: ҚР Ұлттық статистикалық бюроның ресми сайты, <http://stat.gov.kz>

өсімдік шаруашылығындағы жалпы өнімнің көлемін 3,1 трлн.теңгеге дейін арттыру мақсатында көктемгі егіс жұмыстарын жүргізуге бөлінген қаражат көлемін 2 есеге арттыру қарастырылды.

2019 жылы ауыл шаруашылығындағы жалпы қосылған құн 5,1 трлн теңгені құрады, өсімдік шаруашылығының үлесі – 2,8 трлн (54,7%), ал мал шаруашылығының үлесі – 2,3 трлн (44,0%).

Осылайша, қойылған міндет өсімдік шаруашылығындағы өндірісті 2020 жылы 9,7% - ға ұлғайту іске асырылды, егін егуге бөлінген қаражат 2 есеге немесе 100% - ға өсті, ал дәнді дақылдарға арналған алаңдар 5,9% - ға ұлғайды (1-кесте).

Әрине, өсімдік шаруашылығы шетел инвестициялары үшін басым бағыт болып табылады, өйткені автопарктердің, оларды өсіру технологияларының жаңартылып тұруы және өсімдік шаруашылығы өнімдерінің экспортқа жылдам өткізілуі әсер етеді. Алайда, цифралар басқаша көрсетеді, 2020 жылы 10,1

млн.\$ шетел инвестициялары тартылғанымен, соңғы төрт жылда инвестициялық түсімдер жылына 37%-ға төмендеген. Мәселен, 2015 жылы тікелей шетелдік инвестициялар көлемі 71,5 млн.\$ деңгейінде болса, ал 2020 жылы- 10,1 млн.\$, яғни бес жылдың ішінде жеті есе азайған.

Өсімдік шаруашылығы саласында қол жеткізілген нәтижелер бойынша дәнді дақылдардың (күріш пен бұршақты қоса алғанда) өнімділігін бағалауды өңдеуден кейінгі салмақта жүргізуге болады. Талдау 2015-2020 жылдар аралығында жасалды (кесте 2).

Бұл тұқымдарды, гербицидтерді жыл сайын субсидиялау, егіс жұмыстарын қолдау және т.б. жұмыстар табиғи-климаттық жағдайларға байланысты астық өнімділігінің тұрақты өсуіне мүмкіндік бермейтінін жанама түрде растайды. 2015-2020 жылдар аралығындағы орташа өнімділік 13 ц/га құрап отыр. Әрине, бұл көрсеткіш төменгі деңгейде екенін білдіреді. Статистикалық көрсеткіштер негізінде біз мал шаруашылығы астық өнімділі-

Кесте 3

Мал мен құс саны, мың бас

Көрсеткіштер	Ірі қара мал	Қойлар мен ешкілер	Шошқалар	Жылқы	Түйелер	Құстар, млн. бас
2015	6 183,9	18 015,5	887,6	2 070,3	170,5	35,6
2016	6 413,2	18 184,2	834,2	2 259,2	180,1	36,9
2017	6 764,2	18 329,0	815,1	2 415,7	193,1	39,9
2018	7 150,9	18 699,1	798,7	2 646,5	207,6	44,3
2019	7 436,4	19 155,7	813,3	2 852,3	216,4	45,0
2020	7 850,0	20 057,6	816,7	3 139,8	227,7	43,3

Дерек көзі: ҚР Ұлттық статистикалық бюроның ресми сайты, <http://stat.gov.kz>



Дерек көзі: ҚР Ұлттық статистикалық бюросының ресми сайты, <http://stat.gov.kz>

Сурет 2 - Шаруашылықтардың барлық санаттарындағы мал басы, мың бас

гімен салыстырғанда неғұрлым тұрақты өсімді көрсетіп отырғанын, алайда өсімдік шаруашылығына тікелей байланыстылығы мен тәуелділігі бар екенін байқаймыз. Мал шаруашылығы саласының мал түрлері бойынша көрсеткіштері 3-кестеде келтірілген.

Кестеде 2020 жылы мал басының 2015 жылмен салыстырғанда іс- жүзінде барлық түрлері бойынша артып отырғанын байқаймыз: ірі қара мал 30%-ға, қой мен ешкі 11,3%-ға, жылқы- 51,6%, түйелер- 33,5%, құстар 21,6%-ға, ал шошқа саны 7,9% азайған. Шаруашылықтар бойынша мал басының санын қарастырайық, 2 сурет.

Етті және сүтті мал шаруашылығының қаншалықты субсидиялар мен ішкі құрылымға тәуелді екенін анықтау үшін біз бұл саланы тереңірек қарастырамыз. Мал басының көп бөлігі жеке қосалқы шаруашылықтарда (ЖҚШ), ал ішкі нарықтағы еттің едәуір көлемі сүт тұқымдары есебінен қамтамасыз етіледі.

Суреттен көрініп тұрғандай, талданып отырған кезеңдерде барлық мал басының 65% - ға жуық шамасы халық шаруашылығына тиесілі: егер де 2015 жылы 3916 мың бас болса, 2020 жылға қарай 4140 мың бас немесе 55%, ал ауыл шаруашылығы кәсіпорындарындағы мал басының ең аз саны 2015 жылы 459 мың бас немесе малдың жалпы санының 7,6% - ы,

бұл көрсеткіш 2020 жылы 734 мың бас, яғни олардың үлесі 9,7 % көрсетіп отыр [3].

Нәтижелер

2020 жылғы шілдеден бастап асыл тұқымды мал шаруашылығын дамытуды, мал шаруашылығының өнімділігін және өнім сапасын арттыруды субсидиялаудың жаңа қағидалары қолданыла бастады. Субсидиялар бойынша ірі фермалардың артықшылығы басым. Тұтыну кооперативтері мен бағымдағы сиыр басы 50 бастан басталатын шаруашылықтар үшін сүт өндірудің өзіндік құны – бір литр сүтке 20 теңге. Сиыр басы 400 және 600 бастан басталатын шаруашылықтарға литр тиісінше 30 және 45 теңгеден келеді.

Мұның бейресми түсіндірмесі- ұсақ кәсіпорындарды мал басын көбейтуге және ірі кәсіпорынға өтуге ынталандыру. Алайда, бұл субсидия негізгі көрсеткіш болып табылмайды және жер және еңбек ресурстарымен, қаржылық қолжетімділікпен, жемшөп базасымен бір деңгейде қатар тұра алмайды. Субсидиялау сомасын мал басының саны бойынша бөлу, негізінен, дұрыс емес, өйткені ол сапалық көрсеткіштерді емес, тек сандық көрсеткіштерді арттыруға мәжбүр етеді [4].

Мал шаруашылығы ұзақ уақыт бойы

2019-2020 жылдарға мал шаруашылығы және өсімдік шаруашылығы бағыттары бойынша субсидиялау көлемі

Облыстар	2019 жыл				2020 жыл			
	Мал шаруашылығы		Өсімдік шаруашылығы		Мал шаруашылығы		Өсімдік шаруашылығы	
	млн. теңге	Үлес салмағы%	млн. теңге	Үлес салмағы%	млн. теңге	Үлес салмағы%	млн. теңге	Үлес салмағы%
СҚО	7 507,7	39,8	14 277,50	41,1	9 850,8	41,8	20 437,3	42,1
Ақмола облысы	4 594,4	24,4	10 871,4	31,3	6 594,4	28,0	14 091,4	29,1
Қостанай облысы	6 761,4	35,8	9 562,2	27,5	7 100	30,2	13 972,6	28,8
Жиыны	18 863,5	100	34 711,1	100	23 545,2	100	48 501,3	100

Дерек көзі: ҚР Әділет министрлігінің ресми сайты, <http://adilet.zan.kz>

тұрақты өсуді көрсеткенімен, өсудің қозғалысы күші ішкі сұраныс болып табылады. Мал шаруашылығы өнімдерінің экспорты әзірге қарапайым. 2005 жылы – 77 млн доллар (экспорттың 0,31%), 2015 жылы – 145 млн (0,36%). 2019 жылы азық-түлік тауарлары экспортының үлесі 5,9% - ға дейін өсті. Қазақстан бірқатар тауар топтары бойынша экспортты ұлғайтты, бұл ретте мал шаруашылығында айтарлықтай өсім болды (47,8% - ға). Мал шаруашылығын одан әрі дамыту көптеген факторларға байланысты: сапалы жемшөп базасы, жануарлардың генетикалық әлеуеті және қаржылық қолдау.

Егер үш аграрлық облысты: СҚО, Қостанай, Ақмола облыстарын қарастырып, салыстыратын болсақ, онда өсімдік шаруашылығы мен мал шаруашылығына субсидиялардың бөлінуі байқалады. Осыны негізге ала отырып, осы салаларда негізгі назар өсімдік шаруашылығына аударылады деп айтуға болады (субсидиялардың 60% - дан астамы өсімдік шаруашылығын дамытуға бағытталған) [5].

Кестеден байқағанымыздай, өсімдік шаруашылығы бойынша субсидиялар мал шаруашылығы саласына бөлінетін қаражат көлемінен асып түседі, бұл 2019 жылы еліміздің кейбір өңірлерінде әлі де гектарлық субсидияның қолданылуына байланысты, олардың үлесі 12,2% - ды құрады. Еске салсақ, 2007 жылы тыңайтқыштар, химикаттар мен ЖЖМ субсидиялары гектарлық төлемдермен алмастырылды, министрлікке тиімсіз субсидия шараларын жою үшін 18 жыл қажет болды, 5-кесте.

Кестеден көріп отырғанымыздай, субсидиялар мөлшерінің ең көп үлесін, яғни 60,8% өсімдік шаруашылығы алып отыр, мал шаруашылығы саласына 39,2% келеді. Өсімдік шаруашылығына бөлінген субсидиялар құрылымында ең көп үлесті пестицидтер 42,5% және тыңайтқыштар 30,3% алады, ал тұқымға 15,1% келеді [6].

Дүниежүзілік банктің Қазақстандағы есебінде бидайдың тиімсіз өндірілуінің себептерінің бірі көрсетілген: қаржылық қиын-

2019-2020 жж. Қазақстанда бағыттар бойынша субсидияларды бөлу, млн.теңге

Субсидия көлемі	Тыңайтқыш бойынша	Пестицидтер бойынша	Тұқымдар бойынша	Гектарлы субсидия	Жиыны
Өсімдік шаруашылығы	19 138 346,7	26 800 767,2	9 497 363,1	7 667 397,0	63 103 874,0
Мал шаруашылығы	-	-	-	-	40 673 246,8
Үлесі, %	30,3	42,5	15,1	12,2	103 777 120,8

Дерек көзі: <https://subsidies.qoldau.kz>

дықтарға тап болған ірі ойыншылар, көбінесе мемлекеттік компаниялар инвестицияларды тежейді және өнімділіктің төмен болуына ықпал етеді. 2019 жылы еліміздің кейбір өңірлерінде әлі де гектарлық субсидия жұмыс істеді. 2007 жылы тыңайтқыштарға, химикаттарға және ЖЖМ-ге субсидиялар гектарлық төлемдермен алмастырылды [7].

Мал шаруашылығын субсидиялаудың жаңа ережелерінде «сары» себет деп аталатын субсидиялары бекітілді. АӨК-тің көптеген қатысушыларына субсидиялаудың осы ережелері қанағаттандырады деп сеніммен айтуға болады, пандемияға қатысты қалыптасқан жағдай да өз рөлін атқарды.

Субсидиялаудың тағы бір көңіл аударатын бағыты – селекциялық және асылдандыру жұмыстарын жүргізу немесе «тұқымды қайта қалыптастыру» деп аталады. Бұл тәсілдің мәні асыл тұқымды сиырларды ұрықтандыратын және ұрпақтарының сапасын арттыратын асыл тұқымды бұқа сатып алу болып табылады. Біздің ойымызша, тек ет бағытында ғана қолданылатын бұл тәсіл сүт бағытындағы мал басының төмендеуіне және сүт өнімдерінің тапшылығына әкеледі.

Қорытынды

АӨК дамытудың басты механизмі ретінде субсидиялар мен ұзақ уақытқа төменгі проценттік ставкамен берілетін кепілсіз несиелерді атауға болады. Бірақ біздің ойымызша субсидиялау механизмінің өзі түзетуді талап етеді.

Біріншіден, ауылдық тұтыну кооперативтеріне қатысушыларды ірі шаруашылықтармен қатар субсидиялаудың барлық қолданыстағы тетіктеріне қосу ұсынылады. Тұтыну кооперативтерін сүт бағытындағы сиырларды қолдан ұрықтандыру міндетінен босату қажет, өйткені өңірлерде бүгінгі күні білікті ұрықтандырушылары бар жасанды ұрықтандыру пункттерінің дамыған желісі жоқ.

Екіншіден, «Қарапайым заттар экономикасы» бағдарламасын қарыз мерзімі 10-15 жылға төмен пайыздық мөлшерлемелер бойынша (қарыздың бүкіл кезеңіне 4-6% – дан аспай-

тын) кепілсіз неселеуге қайта бағдарлау және әртүрлі меншіктегі тауар фермалары үшін ауыл шаруашылығы үшін жабдықтар сатып алу бойынша нысаналы бағыт жүргізу ұсынылады.

Үшіншіден, жергілікті атқарушы органдар базарларда және сауда үйлерінде отандық өнімдер үшін сауда нүктелерінің қолжетімділігін арттыру бойынша іс-шаралар жүргізуі қажет.

Төртіншіден, дайын өнім сапасының ұлттық стандарттарын халықаралық стандарттарға келтіріп, өндірушілерге талдау жасауға қолжетімділікті қамтамасыз ету қажет. ҒЗИ мен университеттер базасында ауыл шаруашылығы өнімдерін өндірушілердің құзыретін арттыру мақсатында ғылыми-өндірістік мектептер құру керек.

Осылайша, экономиканың аграрлық секторын одан әрі дамыту және тиімділігін арттыру үшін ойластырылған мемлекеттік қолдау және оның несиелік-қаржылық қатынастардың қазіргі заманғы нысандарын, ауыл шаруашылығын дамытудың басым бағыттарын дамыту жөніндегі мақсатты қызметі қажет, өйткені бұл тетік аграрлық сектордағы несиелік-қаржылық қатынастарды дамыту үшін өзіндік база ретінде қызмет етеді, бұл тұтастай алғанда ауыл шаруашылығы субъектілерінің экономикалық жағдайын нығайтуға және ауылда өмір сүру сапасын арттыруға әсер етеді. Сондай-ақ, бағдарламаларды бақылау және мониторингілеу бойынша құралдарды жасау қажет, бұл қаржы құралдарын көруге және маневр жасауға, ресурстарды жедел және дұрыс бөлуге мүмкіндік береді [8].

Мемлекеттік қолдауға және инвестициялық тетіктерге негізделген АӨК-ті дамыту стратегиясын іске асырудың нәтижесі өңірлік АӨК-нің жұмыс істеу тиімділігін арттыру, ауыл шаруашылығы өндірісінің көлемін ұлғайту және ел халқының тамақ өнімдеріне деген ішкі сұранысын тұрақты қанағаттандыру ғана емес, сондай-ақ тұтастай алғанда кешеннің, оның салаларының, кәсіпорындары мен ауыл адамдарының кірістерін тұрақты ұлғайту болып табылады. Мұның бәрі тұтастай алғанда елдің азық-түлік және әлеуметтік қауіпсіздігін қамтамасыз етеді.

Әдебиеттер тізімі

1. Қазақстан Республикасының агроөнеркәсіптік кешенін дамытудың 2017-2021 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасы. [Электрондық ресурс] - URL: <http://ush.zhetisu.gov.kz/programs/cat-4/19/> (қаралған күні: 09.08.2021)
2. Сарно Э. «Рейтинг стран по уровню продовольственной безопасности». [Электрондық ресурс] - URL: http://edmond-sarno.blogspot.com/2019/04/blog-post_43.html (қаралған күні: 11.04.2020)
3. Ауыл шаруашылығы бойынша статистика. [Электрондық ресурс] - URL: <https://stat.gov.kz/official/industry/14/statistic/5> (қаралған күні: 20.07.2021)
4. «Аграрлық несие корпорациясы» АҚ - ның 2020-2029 жылдарға арналған Даму стратегиясы. [Электрондық ресурс] - URL: <https://adilet.zan.kz/kaz/docs/P2000000033> (қаралған күні: 20.06.2021)
5. Қазақстан Республикасы нормативтік құқықтық актілерінің ақпараттық – құқықтық жүйесі. [Электрондық ресурс] - URL: <http://adilet.zan.kz> (қаралған күні: 25.07.2021)
6. Субсидия бойынша сайт. [Электрондық ресурс] - URL: <https://subsidies.qoldau.kz/kz/subsidies/animal/statistics/budget/republican?Year=2019&MenuAction=year> (қаралған күні: 28.07.2021)
7. Станет ли сельское хозяйство локомотивом экономики Казахстана? [Электрондық ресурс] - URL: <https://inbusiness.kz/ru/last/stanet-li-selskoe-hozyajstvo-lokomotivom-ekonomiki-kazahstana> (қаралған күні: 17.07.2021)
8. Асаубаев Р. АПК-2020: борьба за субсидии и результат. [Электрондық ресурс] - URL: <https://ekonomist.kz/assaubayev/apk-subsidii-rezultat-gosprogramma> (қаралған күні: 17.12.2020)

Г.А. Матайбаева¹, С.М. Токенова², С.Б. Макыш³

^{1,2}НАО «Казакский агротехнический университет им. Сейфуллина, Нур-Султан, Казакстан

³Евразийский национальный университет им. Л.Н. Гумилева, Нур-Султан, Казакстан

Эффективность использования финансовых средств в агропромышленном комплексе Республики Казакстан

Аннотация. В данной статье рассмотрены вопросы развития сельского хозяйственной отрасли и пути реализации в рамках «Государственной программы развития агропромышленного комплекса Республики Казакстан на 2017-2021 годы». Рассмотрено современное состояние развития АПК и проведен анализ основных отраслей сельского хозяйства.

В Казакстане действует множество программ, однако качеству их реализации, достижению запланированных индикаторов препятствуют отсутствие должного мониторинга и оценки реализации, отсутствие четких индикаторов, размытие ответственности из-за множества ответственных исполнителей. В статье выявлено следующее: финансовые инструменты, используемые в АПК Казакстана не дают равного доступа организациям различной формы собственности, лоббируя интересы крупных игроков, занятых в растениеводстве, что не позволяет повысить продовольственную безопасность и осуществить импортозамещение продукции.

Проведенный анализ средств финансирования АПК дает независимую объективную оценку для разработки рекомендаций по повышению эффективности проводимой государственной политики.

Ключевые слова: агропромышленный комплекс, сельское хозяйство, растениеводство, животноводство, субсидирование, государственная поддержка.

G.A. Mataibayeva¹, S.M. Tokenova², S.B. Makysh³

^{1,2}NCJSC «S.Seifullin Kazakh AgroTechnical University», Nur-Sultan, Kazakhstan

³L.N. Gumilyov Eurasian National University, Nur-Sultan, Kazakhstan

Efficiency of the use of financial resources in the agro-industrial complex of the Republic of Kazakhstan

Abstract. The article discusses the development of the agricultural industry and a path of implementation of the «State Development Program of the Agro-Industrial Complex of the Republic of Kazakhstan for 2017-2021». In addition, there was examined the current state of development of the AIC and main sectors of agriculture.

Kazakhstan has many programs, but the quality of their implementation and the achievement of planned indicators are constantly facing problems due to the lack of proper monitoring and assessment of the performance. Moreover, there are no clear indicators, and blurring responsibility due to many supervise performers. Furthermore, the article identified the following financial instruments used in the AIC of Kazakhstan do not make equal access to organizations of the various shape of ownership, lobbying the interests of prominent players employed in crop production, which does not allow improving food security and implement import substitution.

The analysis of the funding of the AIC gives an independent, objective assessment to develop recommendations for improving the effectiveness of the pursued state policy.

Keywords: Agro-industrial complex, agriculture, crop production, animal husbandry, subsidies, state support.

References

- 1 Kazakstan Respublikasynyn agroonerkasiptik keshenin damytudyn 2017-2021 zhyldarga arnalgan memlekettik bagdarlamasy [The State program for the development of the agro-industrial complex of the Republic of Kazakhstan for 2017-2021]. [Electronic resource] - Available at: <http://ush.zhetisu.gov.kz/programs/cat-4/19/> (Accessed: 09.08.2021)
- 2 Sarno E. «Rejting stran po urovnyu prodovol'stvennoj bezopasnosti» [Ranking of countries by the level of food security]. [Electronic resource] - Available at: http://edmond-sarno.blogspot.com/2019/04/blog-post_43.html (Accessed: 11.04.2020)
- 3 Auyly sharuashylygy bojnynsha statistika [Statistics on agriculture]. [Electronic resource] - Available at: <https://stat.gov.kz/official/industry/14/statistic/5> (Accessed: 20.07.2021)
- 4 «Agrarlyk nesie korporaciyasy» AK - nyn 2020-2029 zhyldarga arnalgan Damu strategiyasy [Development strategy of JSC «Agrarian Credit Corporation» for 2020-2029]. [Electronic resource] - Available at: <https://stat.gov.kz/official/industry/14/statistic/5> (Accessed: 20.07.2021)
- 5 Қазақстан Республикасы нормативтік қықықтық актілерінің ақпараттық – қықықтық зhyjesi [Information and legal system of regulatory legal acts of the Republic of Kazakhstan]. [Electronic resource] - Available at: <http://adilet.zan.kz> (Accessed: 29.07.2021)
- 6 Subsidiya bojnynsha sajt [Website on subsidies]. [Electronic resource] - Available at: <https://subsidies.qoldau.kz/kz/subsidies/animal/statistics/budget/republican?Year=2019&MenuAction=year> (Accessed: 28.07.2021)
- 7 Stanet li sel'skoe hozyajstvo lokomotivom ekonomiki Kazahstana? [Article Will agriculture become the locomotive of the economy of Kazakhstan?]. [Electronic resource] - Available at: <https://inbusiness.kz/ru/last/stanet-li-selskoe-hozyajstvo-lokomotivom-ekonomiki-kazahstana> (Accessed: 17.07.2021)
- 8 Asaubayev R. APK-2020: bor'ba za subsidiy i rezul'tat [Asaubayev R. Agro-industrial complex-2020: the struggle for subsidies and the result]. [Electronic resource] - Available at: <https://ekonomist.kz/assaubayev/apk-subsidii-rezultat-gosprogramma> (Accessed: 17.12.2020)

Авторлар туралы мәлімет:

Матайбаева Г.А. – корреспондентия үшін автор, PhD, «Қаржы» кафедрасының аға оқытушысы, «С.Сейфуллин атындағы Қазақ агротехникалық университеті» КеАҚ, Нұр-Сұлтан, Қазақстан.

Токенова С.М. – PhD, «Есеп және аудит» кафедрасының аға оқытушысы, «С.Сейфуллин атындағы Қазақ агротехникалық университеті» КеАҚ, Нұр-Сұлтан, Қазақстан.

Мақыш С.Б. – э.ғ.д., профессор, экономика факультетінің деканы, Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті, Нұр-Сұлтан, Қазақстан.

Mataibayeva G.A. – **Corresponding author**, Ph.D., Senior Lecturer, Department of Finance, S. Seifullin Kazakh Agro Technical University, Nur-Sultan, Kazakhstan.

Tokenova S.M. – Ph.D., Senior Lecturer, Department of Accounting and Audit, S. Seifullin Kazakh Agro Technical University, Nur-Sultan, Kazakhstan.

Makysh S.B. – Doctor of Economics, Professor, Dean of the Faculty of Economics, L.N. Gumilyov Eurasian National University, Nur-Sultan, Kazakhstan.